

«КЕЛІСЕМІН»  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің  
І Вице-президенті Женгіз Томар  
«05» 06 2019 жыл

«БЕКІТЕМІН»  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
президенті Абдрасилов  
«05» 06 2019 жыл

## САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-037-2019

Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына  
берілетін жеңілдіктер Е Р Е Ж Е С І

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен  
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер
  - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т. Ниязов
  - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары Б. Шен
  - Білім алушыларға қызмет көрсету орталығының басшысы С. Мухиддинова
3. Келісілді
  - Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ө. Үмбетов
  - Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш. Есимова
  - Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент П. Пилтен
  - Рухани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі Ә. Абуов
  - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж. Дарибаев
  - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А. Әбсеметов
4. Енгізілді
5. Тексерілу мерзімі
  - 2019 ж.
  - 2021 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2019

|                                                                                           |                                    |                                                                                           |                                    |                                                                                                                                       |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ<br>Сапа менеджменті басқармасы<br>ТЕКСЕРІЛДІ:<br>"01" 02 2024 ж. | КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ:<br>"01" 02 2026 ж. | Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ<br>Сапа менеджменті басқармасы<br>ТЕКСЕРІЛДІ:<br>"31" 01 2022 ж. | КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ:<br>"31" 01 2024 ж. | Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық<br>Қазақ-Түрік университеті<br>Сапа менеджментінің жүйесі<br>ЖҰМЫС ДАНАСЫ<br>№ 119<br>"04" 09 2019 ж. |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                           |                     |                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|--------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті                            |                     | УЕ-ХҚТУ-037-2019   |
| Сапа менеджментінің жүйесі                                                                | Университет ережесі |                    |
| Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі |                     | 8 беттің 2-ші беті |

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                                                     |   |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
| 1. Қолданылу саласы                                                                                                                                 | 3 |
| 2. Нормативтік сілтемелер                                                                                                                           | 3 |
| 3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар                                                                                                            | 3 |
| 4. Жауапкершілік және өкілеттілік                                                                                                                   | 4 |
| 5. Оқу үздіктеріне жеңілдік беру туралы                                                                                                             | 4 |
| 6. Ақылы негізде қабылданған білім алушылардың кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету туралы                                                  | 4 |
| 7. Ақылы негізде қабылданған білім алушылардың кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету үшін берілетін өтініштеріне тіркелетін қажетті құжаттар | 5 |
| 8. Өзгерістерді енгізу тәртібі                                                                                                                      | 6 |
| 9. Келісу, сақтау және тарату                                                                                                                       | 6 |
| 10. Танысу парағы                                                                                                                                   | 7 |
| 11. Өзгерістерді тіркеу парағы                                                                                                                      | 8 |



|                                                                                           |                     |                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|--------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті                            |                     | УЕ-ХҚТУ-037-2019   |
| Сапа менеджментінің жүйесі                                                                | Университет ережесі |                    |
| Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі |                     | 8 беттің 3-ші беті |

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің күндізгі бөлімінде, қашықтықтан білім беру технологиясымен оқымайтын, ақылы түрде білім алатын, білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген, талантты және қабілетті білім алушыларды ынталандыру және білім алушылардың кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету мақсатында оқу төлемақы жеңілдіктерін тағайындау шарттарын анықтайды.

1.2 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің күндізгі бөлімінде, қашықтықтан білім беру технологиясымен оқымайтын, ақылы түрде білім алатын, білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген талантты және қабілетті білім алушыларды ынталандыру және білім алушылардың кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету мақсатында оқу төлемақы жеңілдіктерін тағайындауды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің күндізгі бөлімінде, қашықтықтан білім беру технологиясымен оқымайтын, ақылы түрде білім алатын, білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген талантты және қабілетті білім алушыларды ынталандыру және білім алушылардың кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету мақсатында оқу төлемақы жеңілдіктерін тағайындауды ұйымдастырушы және өткізуші құрылымдарында міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-037-2014 Университет ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер жасалған:

– «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңы (Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI ҚРЗ);

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 қаулысымен бекітілген (2012 жылы 30 наурыздағы №390 қаулысымен өзгерістер енгізілген) Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидалары;

– УЕ ХҚТУ-027-2018 Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және жоғары білім беру бағдарламаларында қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі;

– ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

– ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

|             |                                                                   |
|-------------|-------------------------------------------------------------------|
| Университет | - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; |
| УЕ          | - Университет ережесі;                                            |
| СМЖ         | - Сапа менеджмент жүйесі;                                         |
| СРСО        | - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы;             |
| АМЖД        | - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;                    |
| АК          | - Академиялық Кеңес;                                              |



|                                                                                                  |                            |                           |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|---------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>                            |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-037-2019</b>   |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                                                | <b>Университет ережесі</b> |                           |
| <b>Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі</b> |                            | <b>8 беттің 4-ші беті</b> |

#### **4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

4.1 Университеттің осы ережесі Академиялық комитетте (бұдан әрі - АК) талқыланып, Сенат мәжілісінде бекітуге ұсынылды.

4.2 Университеттің осы ережесінде көрсетілген талаптардың енгізілуіне Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры жауапты болып табылады.

4.3 Осы ереже алғашқы ресми бекітілген күнінен кейін күнтізбелік бес күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

#### **5. ОҚУ ҮЗДІКТЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІК БЕРУ ТУРАЛЫ**

5.1 Соңғы академиялық кезеңнің қорытындысы бойынша GPA-сы 4,00-ге тең өте жақсы (А) оқитын оқу үздігі келесі семестрді келісім-шартта көрсетілген сомадан 25%-ға аз төлеу құқығына ие болады;

5.2 Соңғы академиялық кезеңнің қорытындысы бойынша GPA-сы 3,67-ден жоғары тек «өте жақсы» (А, А-) оқитын оқу үздігі келесі семестрді келісім-шартта көрсетілген сомадан 15%-ға аз төлеу құқығына ие болады;

5.3 Университет басшылығы факультет деканының ұсынысы мен үміткердің транскриптінен үзіндінің негізінде оқу үздіктеріне бір семестрге жеңілдік беру туралы бұйрық шығарады.

#### **6. АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ**

6.1 Университетке ақылы негізде қабылданған білім алушылардың кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету үшін, барлық академиялық кезеңде «қанағаттанарлықсыз» деген бағасы жоқ және GPA-сы 3,00-ден кем емес, соңғы академиялық кезеңде D, D+, C-, C бағалары болмаған, университет қабырғасында ең кемі бір семестр үздіксіз оқып шыққан білім алушыларға төмендегі жағдайларда жеңілдіктер берілуі мүмкін;

6.1.1 Ата-анасынан айырылған тұл жетім немесе соттың шешімі негізінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыға 100%-ға дейін;

6.1.2 Әлеуметтік жағдайы төмен, яғни ата-анасының біреуі 1 не 2-топтағы мүгедек немесе қайтыс болған болса, ал екіншісінің айлық жалақысы ең төменгі жалақы мөлшерінен аспаса (немесе жұмыссыз болса), ол білім алушыға 25%-ға дейін;

6.1.3 Ата-анасының біреуі университетте 5 жылдан кем емес еңбек өтілімен жұмыс жасап жатқан (университеттің кез келген қызметкері немесе жұмысшысы) білім алушыға 25%-ға дейін;

6.1.4 Олимпиада, Азия ойындары, Әлем, Азия, Қазақстан Республикасының ресми біріншіліктері мен Халықаралық универсиада жеңімпаздары (жүлдегерлері) атанған спортшы білім алушыға 100%-ға дейін;

6.1.5 ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастырылуымен өткізілетін ЖОО арасындағы универсиада, ҚР чемпионаттары жеңімпазы (жүлдегері) атанған білім алушыға 50%-ға дейін.

6.2 Әлеуметтік жәрдем университеттің арнайы комиссиясы шешімі негізінде шығарылатын университет президентінің бұйрығымен беріледі. Арнайы комиссия (бұдан әрі - комиссия) президент бұйрығымен бір оқу жылы мерзіміне құрылады, қазан және ақпан айларында екі рет жұмыс жасайды. Комиссия мүшелерінің ең кемі 75% қатысқан жағдайда жұмыс істеуге құқылы. Комиссия шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Осы ережеде



|                                                                                           |                     |                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|--------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті                            |                     | УЕ-ХҚТУ-037-2019   |
| Сапа менеджментінің жүйесі                                                                | Университет ережесі |                    |
| Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі |                     | 8 беттің 5-ші беті |

қарастырылмаған ерекше жағдайларда комиссия тарапынан критерийлер анықталып, көпшілік дауыспен шешім қабылдауы мүмкін.

6.3 Әлеуметтік жәрдем берілетін білім алушылар саны ақылы негізде оқитын білім алушылар санының 8%-нан аспауы шарт. Аталған мөлшердің 1%-ын Өкілетті Кеңес төрағасы, 1%-ын университет президенті өз шешімдерімен бұйрыққа, **қажет болғанда жеңілдікті бүкіл оқу мерзіміне қарастырып**, ұсына алады. Осы ереже баптарына сәйкес келмейтін өтініштерді (ерекше жағдайда) комиссия өз қарауымен Өкілетті Кеңес төрағасы құзырындағы 1% үлесі бойынша шешуі мүмкін.

6.4 Ереженің 5.1, 5.2 баптарында көрсетілген күндізгі бөлімде ақылы түрде білім алатын білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген талантты және қабілетті білім алушыларды ынталандыру және 6.1 бабында көрсетілген күндізгі бөлімде білім алушылардың кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету мақсатындағы оқу төлемақы жеңілдіктері бір семестрге тағайындалады.

6.5 Білім алушының әлеуметтік жәрдемге берген өтініші мен себепті жағдайларын растайтын құжаттары алғаш деканаттарда қаралып, аталған ереже талаптарына сәйкес болған жағдайда, университеттің комиссиясына ұсынады. Комиссиямен құжаттарды қабылдау қыркүйектің 30-жұлдызына және қаңтардың 31-жұлдызына дейін жүргізіледі.

6.6 Қашықтан білім беру технологиясы бойынша оқитын білім алушылар үшін жеңілдіктер беру қарастырылмайды.

6.7 Университет президенті комиссия шешімінің негізінде білім алушыларға жеңілдік беру туралы бұйрық шығарады.

## 7. АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУҮҮШІН БЕРІЛЕТІН ӨТІНІШТЕРГЕ ТІРКЕЛЕТІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

7.1 Әлеуметтік жәрдем сұраған әрбір білім алушы төменде көрсетілген құжаттарды өткізеді:

- университет президентінің атына өтініш;
- үміткердің барлық оқу кезеңіндегі транскриптінен үзінді;
- жеке басын куәландыратын құжаттың және туу туралы куәлігінің (ата-анасының неке кию куәлігі) көшірмесі;
- отбасы құрамы туралы анықтама;
- ата-анасының жалақысы туралы анықтама (БЗЖҚ-нан соңғы 6 ай үшін қажет етіледі).

7.1.1 Ата-анасынан айырылған тұл жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар ата-анасынан айырылған тұл жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандығын дәлелдейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

7.1.2 Ата-анасының біреуі 1 не 2-топтағы мүгедек немесе қайтыс болған болса, соны дәлелдейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі; ата-анасының біреуінің жұмыссыздығы туралы анықтама мен зейнетақы қорынан соңғы 6 айдағы мәлімет;

7.1.3 Ата-анасының біреуі университеттегі еңбек өтілі 5 жылдан кем емес ХҚТУ қызметкері немесе жұмысшысы болса, жұмыс істейтіндігі туралы жұмысқа қабылданған бұйрықтың уақыты немесе еңбек өтілінің жылы көрсетілген анықтама;

7.1.4 Олимпиада, Азия ойындары, Әлем, Азия, Қазақстан Республикасының ресми біріншіліктерінде жеңімпаз (жүлдегер) атанған жеңімпаз (жүлдегер) екендігін дәлелдейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

7.1.5 ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастырылуымен өткізілетін ЖОО арасындағы универсиада, ҚР чемпионаттары ҚР чемпионаттары жеңімпазы (жүлдегері) екендігін дәлелдейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі.



|                                                                                           |                     |                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|--------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті                            |                     | УЕ-ХҚТУ-037-2019   |
| Сапа менеджментінің жүйесі                                                                | Университет ережесі |                    |
| Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі |                     | 8 беттің 6-ші беті |

7.2 Өтінішке жеке дара отбасы жағдайына байланысты, қажет болған жағдайда, ата-анасының жұмыссыздығы туралы анықтама, зейнетақы қорынан соңғы 6 айдағы мәлімет, зейнетақы кітапшасының көшірмесі, отбасында бірнеше білім алушы болса, олардың оқитындығы туралы анықтама, отбасындағы кәмелетке толмаған, мектеп жасындағы балаларының тууы туралы куәліктерінің нотариалды куәландырылған көшірмелері және тағы басқа құжаттар қосымша тіркелуі мүмкін.

## 8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс. (Қосымша В)

## 9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесі Академиялық комитетте талқыланады және Сенат мәжілісінде бекітіледі.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, Офис-тіркеуші.

9.3 Осы университет ережесінің бақылау данасы СРСО-на сақтауға беріледі.

### КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Ө. Үмбетов

Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент

Ш. Есимова

Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент

П. Пилтен

Рухани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі

Ә. Абуов

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

А. Әбсеметов

Қаржы департаментінің директоры, бас бухгалтер

Н. Ешметова

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы

Ж. Дарибаев



|                                                                                           |                     |                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|--------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті                            |                     | УЕ-ХҚТУ-037-2019   |
| Сапа менеджментінің жүйесі                                                                | Университет ережесі |                    |
| Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі |                     | 8 беттің 7-ші беті |

Қосымша А

Ф-СМБ-004

### ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| №   | Аты-жөні       | Қызметі              | Мерзімі    | Қолы         |
|-----|----------------|----------------------|------------|--------------|
| 1.  | Ғ. Қолдасбеков | Тіркеуші оқу басшысы | 10.02.2022 | Ақер         |
| 2.  | Н. Бақтабаева  | Басшы оқытушысы      | 10.02.2022 | З. Күрбан    |
| 3.  | Ғ. Тұрғысбай   | Әріскер              | 10.02.2022 | Ақер         |
| 4.  | А. Нұрбаева    | Әріскер              | 10.02.2022 | А. Нұрбаева  |
| 5.  | А. Асенова     | Әріскер              | 10.02.2022 | Асенова      |
| 6.  | Ғ. Мұрзаханов  | Оқу-менеджер         | 10.02.2022 | Мұрзаханов   |
| 7.  | Ж. Тұрғысбай   | Оқу-менеджер         | 10.02.2022 | Ж. Тұрғысбай |
| 8.  | А. Құрманбек   | Оқу-менеджер         | 10.02.2022 | А. Құрманбек |
| 9.  | Б. Есенбеков   | Оқу-менеджер         | 10.02.2022 | Б. Есенбеков |
| 10. | А. Мұқышев     | Оқу-менеджер         | 10.02.2022 | А. Мұқышев   |
| 11. | А. Мамбетов    | Оқу-менеджер         | 10.02.2022 | А. Мамбетов  |
| 12. | М. Кеңесбай    | Оқу-менеджер         | 10.02.2022 | М. Кеңесбай  |
| 13. | М. Бұдасов     | металл-менеджер      | 10.02.2022 | М. Бұдасов   |
| 14. | М. Байсенов    | металл-менеджер      | 10.02.2022 | М. Байсенов  |
| 15. | Әбдиев М.      | оқу менеджер         | 15.08.2021 | Әбдиев       |
|     | М. Махамбет    | оқу менеджер         | 05.03.2022 | М. Махамбет  |
| 17. | Әбділ З        | менеджер             | 31.11.2022 | Әбділ        |
| 18. | Бұдасов М      | Тіркеуші оқу басшысы | 31.11.2022 | Бұдасов      |
| 19. | Шибениров Р.   | Әріскер              | 2022       | Шибениров    |
|     |                |                      |            |              |
|     |                |                      |            |              |
|     |                |                      |            |              |

